

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы № 161 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2276 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 765 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.09.2015 № 765 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы № 161 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 4-5, 51-күжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесінде;

6-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағына ие болған адамдар үшін - «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағы берілгенін
р а с т а й т ы н к ұ ж а т ы ; » ;

3 - қ о с ы м ш а д а :

«Анголадағы ұрыс іс-қимылдары:» деген жолдағы «1979 жылғы қарашаға дейін» деген сөздер «1991 жылғы желтоқсанды қоса алғанда» деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Мозамбиктегі ұрыс іс-қимылдары:» деген жол «; 1984 жылғы наурыздан бастап 1988 жылғы тамызды қоса алғанда» деген сөздермен толықтырылсын;

«Эфиопиядағы ұрыс іс-қимылдары» деген жолдағы «1979» деген сандар « 1990» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

